

«Баланың 0 – 5 жасқа дейінгі тәрбиесі» курсының бағдарламасы

1-сабақ

Ата- аналар жаңа туылған бала туралы не білуі керек. Жаңа туылған балаға арналған жасау.

Апгар шәкілі /шкаласы/ – бұл не? Норманың негізгі антропометриялық көрсеткіштері. Перзентханадағы нәрестемен болу мүмкіндіктері қандай. Еңбектер. Жаңа туылған кезеңнің ерекшеліктері туралы. Перзентханадан келетін ана мен нәрестенің келуіне қалай дайындалу керек. Жаңа туылған нәрестенің дәрі қорабы. Жаңа туылған нәрестеге бөлме дайындау.

2-сабақ

Адам қалай адам болады: балалар психоэмоционалдық дамуының теориялары. Туылғаннан бастап бір жасқа дейінгі баланың дамуына арналған ойындар мен тәжірибелік сабақтар.

Баланың жеке басының даму кезеңдері. Балалар психоэмоционалдық дамуының теориялары. Туылғаннан бастап бір жасқа дейінгі баланың дамуына арналған ойындар мен тәжірибелік сабақтар.

3-сабақ

Бала өмірінің бірінші айы. Нәрестені емізу кезеңі.

Даму ерекшеліктері. Күн тәртібі. «Памперстар» – даулы мәселелер. Емшектегі баланың гигиенасы. Баланы қалай дұрыс құндақтау керек. Табиғи емізу. Емізетін ананың тамағы.

4-сабақ

Баланы тәрбиелеуді қашан және қалай бастау керек. Бір жастан екі жасқа дейінгі баланың дамуына арналған ойындар мен тәжірибелік сабақтар.

Баланың босанғаннан кейінгі тәрбиесі. Бірінші күннен бастап қарым-қатынасты орнатамыз. Бала тәрбиелеудегі бірінші қадамдар. Тыйымдармен не істеу керек? Қыңырлықпен күресеміз. Мақтау немесе мақтамау? Егер Сіздің балаңыз – «сылбыр» болса. Біздің баламыз «ересек». Бір жастан екі жасқа дейінгі баланың дамуына арналған ойындар мен тәжірибелік сабақтар.

5-сабақ

Бала өмірінің екінші айы. Тазалық – бала денсаулығының кепілі.

Баланың үлкен және кішкентай жетістіктері. Емшектегі балалардың шаншуын қалай жеңілдетуге болады. «Кел жуынамыз, шалпылдату...» немесе баланы шомылдыру. Баланы күнделікті шомылдыру пайдалы ма? Жөргектік дерматиттің белгілері мен емдеуі. Балаға арналған слинг, қалай таңдауға болады?

6-сабақ

Баланың дербестігін дамыту. Баланың ерте дамуының әдісі.

Баланың дербестігі дегеніміз не? Балаға өз бетімен тамақ ішуді, киінуді қалай үйретуге болады. Ұқыптылыққа тәрбиелеу, баланы тәртіпке қалай үйретуге болады. Балаға шешімдерді өз бетінше қабылдауды үйренуге қалай көмектесуге болады. Баланы ақшаға дұрыс қарауды үйретеміз. Баланың ерте дамуының тәсілдері: Масару Ибуки, Сесиль Лупан, Мария Гмошинский.

7-сабақ

Үш айлық нәресте. Нәрестені түсінуге үйренеміз.

Даму ерекшеліктері. Неге емшектегі нәресте салмақты аз қосады. Жаттығуға жат! Нәрестелерге арналған алғашқы гимнастикалық жаттығулардың жиынтықтары. Жылау себептері. Егер үш айлық нәресте нашар ұйықтаса. Нәрестені ұйықтардың алдында тербету. Нәрестеге арналған бесік жыры. Емізік. Нәрестемен бірге ұйықтау: қолдайтындар және қарсылар.

8-сабақ

Балабақша немесе үй тәрбиесі? Екі жастан бастап үш жасқа дейінгі баланың дамуына арналған ойындар мен тәжірибелік сабақтар.

Балабақша немесе үй тәрбиесі? Балабақшаға барудың артықшылықтары мен кемшіліктері. Балабақшаға дайындық. Егер бала балабақшаға бармаса, не болады? Құрдастарымен қарым-қатынастар. Екі жастағы баланы дамытамыз.

9-сабақ

Бізге төрт ай. Балалар емханасына барамыз.

Егер бала емшектің сүтіне тоймаса, не істеу керек? Баланың тоймағанын қалай анықтауға болады. Егер анасы ауырып қалса, емшекпен емізуге болады ма. Қосымша тамақтандыру. Қоспалар немесе сүт? Қандай сүт пайдалырақ. Педиатрмен қарым-қатынастар. Егулер. Емшектегі баланың көрсеткіштерін жинауға арналған кеңестер.

10-сабақ

Балалардың тілазарлығы, қыңырлықтары және долылықтары, балалар агрессиялығы. М.Монтессори жүйесі бойынша баламен үйде айналысу.

Балалардың долылықтары және қыңырлықтары: оларды қалай доғаруға болады және болашақта оны болдырмау жолдары. Бала агрессиясының себептері және оның алдын-алу тәсілдері. Мария Монтессори жүйесі бойынша баламен үйде айналысу.

11-сабақ

Балаға бес ай. Балаға арналған сылау.

Баланың физиологиялық дамуы. Қоршаған ортамен танысу. Еңбектеуге және жүруге дайындаламыз. Кішкентай балаға арналған манежді қалай дұрыс таңдау керек. Бала сылаулары өз қолдарыңызбен. Сауықтыратын және емдеу сылауы.

12-сабақ

Бала тәрбиесіндегі ата-аналардың келіспеушілігін қалай шешу керек. Үш жастан бастап төрт жасқа дейінгі баланың дамуына арналған ойындар мен тәжірибелік сабақтар.

Әкелер мен аналар қай жерде келіспейді? Отбасындағы тәрбие негізіндегі түйінді мәселелерді шешу жолдары. Баланы тәрбиелеудегі әкенің рөлі. Апалар, аталар және бала. Үш жастан бастап төрт жасқа дейінгі баламен не ойнаймыз.

13-сабақ

Алты айлық бала. Кішкентай баламен серуендеу.

Алты айлық баланың дамуы. Бірінші тістер шығып жатыр – балаға қалай көмектесу керек. Тістерді тазалауды қашан және қалай бастау керек. Серуендер. Бала мен қатты ысу – қауіпті үйлесім. Тершеңдік, баздану, терінің іріңмен зақымдалуы.

14-сабақ

Болашақ оқушыны тәрбиелеу: балаға оқуды жақсы көруге қалай көмектесуге болады. Баланың эстетикалық дамуына арналған тәжірибелік сабақтар.

Біреуге жақсы оқу «берілген» және біреуге «берілмеген». Баланың жеке психологиялық ерекшеліктерін есептеу. Зейінді, шыдамдылықты, қиялдарын дамыту. Баға оқуға деген ынталандырма ретінде. Баланың оқудағы жетістіктеріне ата-аналардың көзқарасы. Баланың эстетикалық дамуына арналған тәжірибелік оқулар: сурет, құрастыру, бастырма (апликация), табиғат.

15-сабақ

Баланың алты айынан бастап тоғыз айына дейінгі дамуы. Бала өсіп жатыр, немен тамақтандыру керек?

Бала өсіп жатыр: көру, есту, сезіну қабілеті. Салмақ қосу нормалары. Тамақ және ас мәзірі. Тағам мөлшеріне жаңа тағамды енгізу ережелері. Қалбырлық тамақ туралы шындықтар және аңыздар. Өзіміз дайындаймыз. Балалар асханасының рецептері.

16-сабақ

Бала қорқыныштары мен қауіптері және оларды жеңіп шығу. Г. Доман әдісі бойынша баламен жүргізілетін дамытушы тәжірибелік оқулар.

Бала қорқыныштары мен қауіптері қалай көрінеді? Бала қорқыныштары мен қауіптері – отбасындағы жағдайдың бейнесі. Балаға өзінің қорқыныштарын жеңуге қалай көмектесуге болады? Г. Доман әдісі бойынша баламен жүргізілетін дамытушы тәжірибелік оқулар.

17-сабақ

Бала есейіп жатыр – ол жақында бірге толады. Үй жағдайларындағы сауықтыру шаралары.

Баланың бір жасқа дейінгі физиологиялық дамуының ерекшеліктері. Тілді дамыту. Сезімдер ағзалары. Баланың иммунды жүйесі. Ең кішкентайларға арналған емдеу дене шынықтыруы. Шынығу, ауа және күн былаулары. Балаларға арналған тұз былаулары. Монша.

18-сабақ

Үш жастың дағдарысы. Төрт жастан бастап бес жасқа дейінгі балалардың дамуына арналған ойындар мен тәжірибелік оқулар.

Үш жастың дағдарысы және ол неде көрінеді. Баланың бүлігіне ата-аналар қалай қарау керек: қыңырлыққа, қайсарлыққа, бассыздыққа. Егер бала бүлік шығарса, не істеу керек. Төрт жастан бастап бес жасқа дейінгі балалардың дамуына арналған ойындар мен тәжірибелік оқулар.

19-сабақ

Бір жасар бала. Балаларға арналған фитнес.

1 жаста бала не істей алуы керек? 1 жас – қауіпті жас: бақытсыз жағдайларды және қорқыныштарды ескертіңіз. Тағамды таңдау талғамшылдылығы. Ұйқының ұзақтығының өзгеруі. Шомылудағы қорқыныш. Балаларға арналған жүзу мектебі. Фирсов әдісі бойынша емшектегі балаларға арналған бассейн.

20-сабақ

Баланың жеке басының жағымсыз мінездерімен күресеміз. Отбасындағы балалар мерекелері мен ойын-сауықтар.

Баланың өзіншілдігі. Баланың өтірігі, жанжалдар. Сараңдық және қызғаншақтық. Ұрлық. Әдепсіз сөздер. Жазалау керек пе немесе керекі жоқ па? Қашан «шыбыртқы», ал қашан «тәтті нан»? Отбасындағы балалар мерекесі және ойын-сауықтар.

21-сабақ

Бала екі жаста. Сырқаттанған бала.

Екі жасар баланың тамағы. Күн тәртібі. Бала тамағының мөлшеріндегі тәттілер. Бір жастан бастап үш жасқа дейінгі балаға арналған дене шынықтыру. Неге менің балам ауырды? Дене қызуы. Өмірдің алғашқы жылдарында жиі кездесетін балалар аурулары.

22-сабақ

Ағалар мен әпкелер. Баланы оқуға үйретеміз.

Отбасындағы ағалар мен әпкелер арасындағы қарым-қатынастар. Інінің немесе қарындастың дүниеге келуі. Ағалар мен әпкелер қарым-қатынастарындағы ата-аналардың рөлі. Отбасындағы ұлдар мен қыздар: оларды қалай тәрбиелеу керек. Егіздерді тәрбиелеу ерекшеліктері. Баланы оқуға үйретеміз.

23-сабақ

Үш жасар бала. Егер дәрігер емделуді жазса.

Үш жастағы бала не істей алады? Қозғалу және сөйлеу дағдылары. Үш жасар балалардың дене тәрбиесі. Үш жасар баланың күн тәртібі.

Дәрігердің жазып берген рецептін бойынша ата-аналардың орындайтын емдеу шараларын өткізу. Компресстер, қыша қағаздар, клизмалар, балаларға арналған дәрілерді қабылдау ережелері. Ауру баланың тамағы.

24-сабақ

Жалпы адамдық құндылықтар немесе баланың бойында қандай қасиеттерді тәрбиелеу керек.

Жақсы деген немене және жаман деген немене? Балаға ең жақсы сезім қасиеттерін қалай сіндіруге болады: мейірімділікті, жақын адамға деген махаббатты, айналадағыларға деген құрметті. Шыншылдық, адалдық, достық туралы түсінік. Табиғатқа деген сүйіспеншілік. Б. және Л. Никитиндердің баланың ерте дамуының тәсілі.

25-сабақ

Төрт жастан бастап бес жасқа дейінгі бала. Балаларға арналған фитнес. Төтенше жағдайлар.

Физикалық даму. «Индиго» балалар. Күн тәртібі. Жаттығуға тұр! Баланы фитнесің көмегімен теледидардан қалай назарын аударуға болады. Төтенше жағдайлардағы ата-аналардың тәртіп ережелері: құрт-құмырсқалардың шағуы жылылықты көп алу, аса суып кету, жаракаттар.

26-сабақ

Баланың мінез-құлқын тәрбиелейміз. Н. Зайцевтің әдісі бойынша бала тұлғасын дамыту.

Баланың темпераментінің түрлері. Оптимисті тәрбиелейміз. Егер Сізде жасқаншақ және ұялшақ сәби болса. Момын - бала. Шектен тыс белсенді бала. Н. Зайцевтің әдісі бойынша бала тұлғасын дамыту.